«Ке[illegible]г» бастауыш мектеп-балабақша кешені

# Тәрбие сағаты

**Тақырыбы:** Саналы ұрпақ - жарқын болашақ
«Менің жазғы жарқын оқиғам»

**Сыныбы:** 2 «а»
**Сынып жетекшісі:** Бітімбай К.М.
**Тәрбиеші:** Хамит А.Н

| | | |
|---|---|---|
| Күні | | |
| Тақырыбы | Саналы ұрпақ—жарқын болашақ<br>«Менің жазғы жарқын оқиғам» | |
| Мақсаты | Өскелең ұрпақтың білімге құштарлығын қалыптастыру және жаңа оқу жылының алдында мереке атмосферасын құру, жаңа оқу жылында жақсы оқуға мотивация беру | |
| Күтілетін нәтижелер | • оқушылар еліміздің ертеңі—білімді, саналы ұрпақтың қолында екенін түсінеді<br>• оқушылар топта бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді, идеяларымен жұмыс жасауға дағдыланады<br>• барлық оқушылардың пікірін тыңдау, бір-біріне қолдау көрсетуді үйренеді<br>• оқушыларға еліміздің даму бағытын ұқтыру, болашақ білімде екенін түсінеді | |
| Қолданылатын ресурстар | Интернет ресурстары, бейнежазбалар, топ ережесі | |
| Көрнекі құрал-жабдықтар | Флипчарт қағаздары, стикерлер, түрлі-түсті маркерлер,қаламдар суреттер, желім,қайшы, интербелсенді тақта | |
| **Сабақтың өту барысы** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Тыңдаушының іс-әрекеті** |
| **Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру (5мин)** | -«Көршіге-комплимент» сергіту сәті<br><br>-Әрбірқатысушы өз есімін атап, жылы лебіз білдіреді<br><br>-Келесі ойыншы ол лебізді **қайталамауы тиіс** | **Сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптасады** |
| **Топқа бөлу (5 мин)** | Әрбір топқа қимақағаздар тарату арқылы 4-5 топқа бөлу | Сыныптағы тыңдаушылар топқа бөлініп отырады |
| **Сабақ барысында көңіл-күйді анықтау (3 мин)** | | **Оқушылар бір парақ ақ қағаз алып, екіге бөліп бірінші жартысына көңіл – күйін бейнелейтін суретті салады (смайлик түрінде немесе жыл мезгіліне сәйкес)** |
| | Видеороликтер көрсету «Арманға мақсатқа жету»<br>**Нұсқау:**<br>Интерактивті тақтадан бейнежазбаны көріп, өз пікірлеріңізді тұжырымдап айтып өтесіздер<br>**Сұрақ:**<br>- **Сіздер көрсетілген бейнежазбадан не ой түйіндейсіздер?** | Топ көшбасшылары шығып өз тобының негізгі идеяларымен алмасады |

| | | |
|---|---|---|
| | - Сын тұрғысынан ойлау арқылы топтық оқытуда бірлесіп ойлауға ықпал ету,<br>- Бірлесіп жұмыс жасау үлерсін дамыту,<br>Не үшін алдымызға мақсат қойып, оған жетуге талпыну керек? | |
| | Конституция кітабы<br>Оқу құралдары<br>Патриотизм (Отан)<br>Табиғат<br>Жастар жылы<br>Кітап<br>Абай атамызға —175 жыл | Әр топ өз тақырыбын ашу керек. Сұрақтарға жауап береді:<br>- Не үшін Конституция қажет?<br>- Не үшін оқу керек?<br>- Не үшін Отанды қорғау, құрметтеу керек?<br>- Не үшін табиғатты қорғау қажет?<br>- Жастар жылы не үшін жарияланды?<br>- 175 жылдық мерейтойды қалай атап өту керек? |
| **Ми шабуылы (10 мин)** | Видеороликтер көрсету<br>**«Менің жазғы жарқын оқиғам»**<br>**Нұсқау:**<br>**Интерактивті тақтадан бейнежазбаны көріп, өздерінің жазғы демалысты қалай өткізгендерін қағаз** бетіне түсіреді.<br>**Сұрақ:**<br>- **Жаз қалай басталды?**<br>- **Кіммен бірге өткіздім?**<br>- Кімдермен таныстым?<br>- **Қайда бардым?**<br>- Естен кетпес қызықтар?<br>- **Қандай ерекше жер көрдім?**<br>- **Алған әсерім?**<br>- **Өзіме қандай жаңалық аштым?**<br>- **Қай жағынан жетілдім,ілгері** | **Оқушылар өз ойларын түйіндейді** |

| | | |
|---|---|---|
| | басшылық болды ма?<br>- Демалысым тиімсіз өткен жоқ па,қандай қателік жібердім?<br>- Келесі жазды қалай өткізу керек? | |
| Энерджайзер (3 мин) | 30 сек ішінде қанша рет қолыңды көтеріп түсіре аласың? Параққа болжамыңды жаз. Енді тексерейік. 30 сек соң кім қанша рет жасай алды, болжаммен сәйкес келді ме? | Оқушылар әрекетке кіріседі және өздерінің болжамдарын ақ параққа жазады, қаншалықты сәйкес келетінін анықтайды |
| Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл (20 мин) | «Арманға мақсатқа жету» бейнероligін көру<br>1. Бейнеролик ұнады ма?<br>2. Не туралы деп ойлайсыздар? | Оқушылар роликті тамашалайды, өз ойларымен бөліседі |
| | - Болашақта өздеріңізді қалай елестетесіздер?<br>Өз ойларыңызды постерге бейнелеңіздер | Постер жасап, әр топ өз жұмысын қорғап шығады |
| Бағалау<br>5 мин | Бағалау-формативті | Топтар бірін-бірі бағалайды |
| Сабақ барысындағы көңіл-күйді анықтау (3 мин) | | Оқушылар сабақтың бірінші жартысына көңіл күйін бейнелейтін суретті салған суретті аяқтайды. (смайлик түрінде немесе жыл мезгіліне сәйкес) Бұл іс-әрекет қатысушының көңіл-күйін білдіреді |
| Рефлекция (5мин) | **Қорытындылау**<br>—Балалар біз сіздермен ойлана отырып ойлауды және топ бойынша бірлескен түрде ынтымақтастықта жұмыс жасадық. Топта бір – бірімізге сенім білдіріп бір кемедегі теңізшілер тәрізді жұмыс жасасақ, биік жетістікке жетеміз деп ойлаймын. Бүгінгі жаңа оқу жылымыздың алғашқы сабағына белсенді | **Смайликтер**<br>Кері байланыс.<br>1. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?<br>2. Сабақ сен үшін қызық өтті ме?<br>3. Жаңа тақырып бойынша өзіне керекті мәліметті таптың ба?<br>4. Бүгінгі алғашқы сабақтан үйренгендеріңіз |

| | | |
|---|---|---|
| | қатысқандарыңыз үшін көп-көп рахмет. Жаңа оқу жылдарыңыз құтты болсын менің алтынға тең оқушыларым!!! | болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? |